

егемен

Қазықаспан

## Азия Давосы, өз ұя дауасы

Бүгін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына ресми сапары басталды.

«Шығыс жақта бір алып ұйықтап жатыр. Ұйықтай берсін! Егер ол оянар болса, әлемді дүр сілкіндіреді». Наполеон осылай деген. «Ұйықтап жатыр» деген сөз заманында Шығыстағының бәріне мұрын шүйіре қарайтын батыс адамының астам көзімен қарап айтылғаны белгілі. Әйтпесе, адамзат өркениетінде шешуші маңызы болған керемет жаңалықтардың талайы Қытай жерінде дүниеге келгені баршаға мәлім. Соның өзінде де ондаған ғасырлар бойы Қытайдай ұлы ел әлем тарихында өзіне сай орын ала алмай жүргенін де түп-түгел жоққа шығаруға болмас. Екінші және үшінші мыңжылдықтардың айрығында Наполеон ұйықтап жатыр деген сол алып оянды ақыры».

Сауытбек Абдрахманов,

«Егемен Қазақстан» – Саньядан (Қытай). Он екі жыл бұрын Қытайдан, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының саммитінен жолдаған мақаламыз (2001, 15 маусым) осылай басталған екен. Содан бергі адам жасының бір мүшеліндей мерзімде шығыстағы көршіміздің әлеуеті одан сайын артып, шын мәніндегі әлемдік державаға айналғанын дүн-дүние көріп отыр. Қытай елі экономикалық өсумен қатар, саяси тұрақтылықтың да өнегесін танытуда. Мемлекет басшылығының шығыстық ұстамдылыққа, Аспанасты аталатын алып елге барабар байыптылыққа сәйкес ауысуы да соның дәлелі. Өткен жылдың қарашасында Қытай Коммунистік партиясының Бас хатшылығына, Орталық әскери кеңестің төрағалығына, биылғы жылдың наурызында Қытай Халық Республикасының Төрағалығына сайланған Си Цзиньпин тәуелсіздіктен бері ел билігіне келген бесінші буынның көшбасшысы. Си Цзиньпиннің таяуда Ресейге, бірқатар Африка елдеріне жасаған ресми сапарлары әлемдік саясатқа тағы бір аса ірі тұлғаның қосылғанын, Қытайдай ұлы елдің тізгіні лайықты басшыға тигенін күмәнсіз көрсетіп отыр. Ірілік деген ұсақ-түйектен де таныла береді. Мәскеуге сапары кезінде, дәл Си Цзиньпин сөйлейтін тұста қырсыққанда қымыран іріп, микрофон жұмыс істемей қалғанда Қытай басшысының өзін-өзі соншалықты сабырлы ұстауы қазір Интернет бетінен түспей, баршаның айызын қандыруда. Ресейлік «Комсомольская правда» Си Цзиньпин сол сәттерде құдды дәл жанында әлдебір сымдарды шұқылап адам жүргенін атымен аңғармағандай әсер қалдырды деп қайран қала жазды да.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың дәл осы күндерде Қытайға ресми сапар жасауы қай жағынан да қисынды. Көрші елдің жаңа басшысымен қарым-қатынасты қалыптастыру тұрғысынан қарағанда да, Боао экономикалық форумында жаһанды жайлаған экономикалық дағдарыстың бағыт-бағдары жөнінде кеңінен ақылдасу, өз ойын ортаға салу тұрғысынан қарағанда да бұл сапардың жөні бөлекше болғалы тұр. Президент Нұрсұлтан Назарбаев кеше Саньяға келген соң Қытайдың ең көп

таралымды ағылшынтілді (500 мыңнан астам данамен әлемнің 150 еліне тарайды), «China Daily» газетіне сұхбат берді. Мемлекет басшысы сұхбатта Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының, оның ішінде сауда-экономикалық сала мен өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кең ауқымды мәселелерін қозғады. Атап айтқанда, Қазақстан Президенті Қытайдың жаңа басшылығының екі жақты ықпалдастықты одан әрі дамытуды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге оған қосымша серпін беретініне сенім білдірді.

Қазақстан басшысы ресми сапарының бағдарламасында көзделген іс-шаралар бүгін, яғни сенбіде басталатындықтан, біз мына мақалада негізінен Нұрсұлтан Назарбаев қатысатын Боао-Азия экономикалық форумы жайында әңгімелемекпіз. Жалпы, «Егемен Қазақстанның» оқырмандары бұл форумның жұмысынан жақсы хабардар дей аламыз. Форум құрылғалы бергі 12 жылдың ішінде әр кезде әртүрлі пішінде материалдар берудің сыртында Елбасымыздың Боао-Азия экономикалық форумына қатысуы жөнінде көлемді репортаждар жариялағанымыз да (2009, 17, 18, 21 сәуір) бар. Оларда Боао форумының қазіргі әлемдік экономикалық ойда алар орны жөнінде бірқыдыру жазылғанымен, содан бергі үш жылдың айналасында-ақ дүние дидамында көптеген өзгерістер орын алғаны белгілі.

Бүгінде барша сарапшылар қазіргі әлемдік қаржы дағдарысы соңғы жетпіс-сексен жылдың ішіндегі дағдарыстардың ең ауқымдысы деген пікірге тоқтайды. Бұл дағдарыс көлемі және әсер-ықпалы жағынан өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы Ұлы күйзелістен де асып түскені талассыз. Ол кездегі дағдарыстың басты себебі, оған дейін көбіне қол күшімен атқарылып келген жұмыстардың талайы машинаға жүктеліп, жұмыссыздықтың ауыздықтауға көнбестей асқынып кеткендігінен еді. Жаһандық тұтынудың 40 пайызына дейінгісі тиесілі АҚШ-тағы несие пирамидаларының күйреп түсуінен басталған мына дағдарыс банктерді қойып, енді экономиканың нақты секторларын да қамтуда. Әлемдік экономикалық жүйеге барынша кіріккен Қазақстанның дүние жүзіндегі күрделі үдерістерден сырт тұра алмайтыны, ал шикізат бағасының конъюнктурасына тәуелді ел ретінде сол әсер-ықпалды алдыңғылардың қатарында сезінетіні сөзсіз. Бәрі де салыстыру арқылы айқындалады дейтін болсақ, Қазақстан экономикасының қазіргі ахуалы тіл-аузымыз тасқа дегізетіндей.

Жақында баспасөзде соңғы екі жылда АҚШ-та банктер кредиттері 10 пайызға, Ұлыбританияда 5 пайызға төмендегені жазылды. Осы уақыт аралығында Қазақстанда банктер кредиті 13 пайызға артқаны, олардың жалпы өсімі 29 пайызды құрағаны, сөз жоқ, көңіл көншітерлік. «Біз бүгінде ел дамуының барлық макроэкономикалық көрсеткіштері қалыпты мөлшерде екенін көріп отырмыз. Әлемде қаржылық тұрақсыздық орын алып отырғанда, экономика өсімі 6 пайыз болғанын орнықты көрсеткіш деп санауға болады. Инфляция белгіленген шектен шыққан жоқ, ұлттық валюта бағамы тұрақты деңгейде, ал экономиканы кредиттеу және банктерді капиталдандыру

артуда», деді сол кеңесте Елбасымыз. Не айтары бар, мұнан бес жыл бұрын басталған бұл дағдарыстың беті әлі қайтпай тұр. Сол сын сағатта бүкіл әлем алдымен Қытайға қарады. Үмітпен қарады. «Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен көрдің» кері келмесін деді. Абырой болғанда, Қытай экономикасы жаһанды жайлаған жұлымырдың жойқын соққыларына былқ етпеді. Қара жартастай қасқайып тұрып алды. Алғашқы жылдарда тіпті бұрынғы 10 пайыздық өсім қарқынын да сақтады. Оны айтасыз, бүкіл әлем экономикасы үшін аса ауыр сынаққа айналған қаржылық дағдарыс Қытай үшін пайдаға шықты деп санайтын сарапшылар да баршылық. Осыдан төрт жылдай бұрын Интернеттің: «Қытай – қазіргі таңда әзірше әлемдік сахнада бел алып тұрған АҚШ сынды супердержавамен тайталаса алатын жалғыз алып мемлекет. АҚШ-та экономиканың құлдырауы жалғасып жатыр, ал Қытайда, керісінше, экономика өсуде және әжептәуір қатты өсуде. Қытай экономикасы қаржы-экономикалық дағдарыстың ықпалын сезінбей қоймайтын жағдайда да осылай болып отыр», деп жазғаны бар еді. Ал осыдан екі жыл бұрын тағы да сол Интернет: «Әлемдік қаржы дағдарысы Қытайды әлемдік жаңа экономикалық көшбасшы жасады», деген сөздерді тақырыпқа шығарып тұрып айқайлатты. Әрине, қазірше мына дүниедегі экономикасы ең мықты мемлекет АҚШ екені де, әлі біразға дейін солай бола беретіні де талассыз, мамандар бұлай дегенде, тегі, Қытайдың қарқынын, әлеует мүмкіндігін алдымен ескерсе керек. Алайда, Қытай экономикасы да әлемдік заңдылықтарға бағынбай қоймайды. Елдің ішкі жалпы өнімінің көптеген жылдар қатарынан 10 пайыздық өсіммен келіп, соңғы екі жылда, яғни 2011 және 2012 жылдары сәйкесінше 9,3 және 7,8 пайызға баяулағаны осының дәлелі. Бүкіл әлемнің бүгінде Қытай тәжірибесіне қызыға қарайтын, осы жерден тарайтын сөзге құлақ түретін жөні әбден-ақ бар. Боао экономикалық форумы Қытайдың шығыс жағалауында, қазақстандық журналистерді алып жүрген кісілердің сөзімен айтсақ, «халқы екі миллионнан аспайтын шағын қала» Саньяның маңындағы курорттық арал Хайнаньдағы Боаода өтеді. Дәл осы күндердің өзінде қайнаған күні 30 градусты көрсетіп, кешке қарайғы дымқыл ауасы демінді алдырмай тұрған тропикалық Хайнаньда орналасқан бұл мекеннің атын 2002 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан (Қазақстан бұл форумның негізін қалаған 28 мемлекеттің бірі) осы форум шығарды деудің артықтығы жоқ. Азиядағы бірден-бір үкіметтік емес, коммерциялық емес халықаралық ұйым болып табылатын Боао форумы құрлықтағы ықпалдастық үдерістерін ілгерілетуге өңір елдерінің даму қарқынын тездетуге септесуді мақсат тұтады. Оған арнайы шақыру алу құрлық мемлекеттері басшыларына мерей саналады. Бұл арқылы елдің өзіне ғана емес, ел басшысының жүргізіп отырған экономикалық саясатына да құрмет көрсетіледі, оның қазіргі әлемдегі ахуалға қатысты пікір-пайымдарынан үміт күтіледі.

Бүгін өз жұмысын бастайтын Боао экономикалық форумы 6-8 сәуір аралығында «Азия барша үшін даму жолын іздейді: қайта құрылымдау, жауапкершілік және ынтымақтастық» тақырыбында өтеді. Форум аясында

елуден астам дөңгелек үстелдер, сессиялар, үнқатысу сериялары мен жабық кездесулер ұйымдастырылып, оларда жаһандық басқару жүйесінің реформалануы, дамушы елдердегі экономикалық өсу қарқынының тежелуі, урбанизациядан төнетін сын-қатерлер, демографиялық өсімнің әлемдік экономикаға ықпалы, құрлық елдерінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсері, Азияның жаһандық экономиканы қалпына келтірудегі рөлі сияқты көкейкесті мәселелер талқыланбақшы. Бізге осында келісімен таратылып берілген баспасөз релизінде Боао-Азия форумының бас хатшысы Чжоу Вэньчжунның: «12-ші сессия барлық елдер мен халықтар үшін өзара тиімді жалпы дамуды айқындау, ізденістің стратегиясы мен саясатын белгілеуге арналады», деген сөздері жазылыпты. Форум сессиясы Мексика, Перу, Финляндия, Алжир, Мьянма, Замбия президенттері, Бруней сұлтаны, Австралия, Камбоджа мен Жаңа Зеландия премьер-министрлері, Халықаралық валюта қоры президентінің, бірқатар халықаралық ұйымдар басшыларының, мемлекеттік органдар, ірі бизнес құрылымдардың, медиаторлардың, Қытай мен басқа да елдердің белді ғылыми-зерттеу және талдамалық орталықтарының ұзын саны екі мыңнан асып түсетін өкілдері қатысуымен өтетіндігі оның ауқымы бір құрлық аясынан әлдеқашан асып кеткенін көрсетеді. Біздің Елбасымыздың «G-Global» идеясының мәні де осында – әлемдік дағдарыстан шығудың кілтін тек бүкіл әлемнің ақыл-ойын жұмылдыру арқылы ғана табуға болады. Боао экономикалық форумын сарапшылар, журналистер Азия Давосы деп атап жатады. Сол Азия Давосы өз ұя құрлығымыз үшін дағдарыс дауасын тапсын деп тілейік. Бүгін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен кездесуі өтеді деп жоспарланған.

Елбасымыз Боао форумында жексенбіде сөз сөйлейді.